КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 30 қазан № 3971-25-00-2/3047 іс Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Тәнірберген,
сот отырысының хатшысы И.Лидің қатысуымен, сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«MuMar» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Халық А.
Талапкер өкілі Каженова Э.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 21 қаңтарда талапкер мен жауапкер арасында жалпы сомасы 5 012 280 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалғаны көрінеді.

Шарттың мәні – климаттық (ауа баптау), вентиляциялық жүйелер мен жабдықтарды техникалық қамтамасыз ету және оларды жөндеу бойынша қызметтерді көрсету.

Қызметтерді көрсету мерзімі – 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Қызмет көрсету орны – Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 49.

Шартқа сәйкес, «MuMar» ЖШС келесі жұмыстарды орындауға міндеттенді: ауа баптау жабдықтарына, желдету жүйелеріне техникалық қызмет көрсету; жылыту желдеткіш катушкаларына, салқындатқыштарға, кондиционерлерге техникалық қызмет көрсету.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы ақпан, наурыз және сәуір айларында орындалған қызметтер үшін жалпы 466 640 теңге сомаға актілерге қол қойылды, бірақ бұл төлемдер шартта көзделген 30 күн мерзімінде жүргізілмеген.
Ақпан акт № 250042/00/ 1 116 660 теңге төлеу мерзімі 15.03.2025 нақты төлем күні 29.05.2025 жыл, 75 күн кешіктіру 8 748,00 теңге.
Наурыз акт № 250042/00/2 116 660 теңге төлеу мерзімі 02.04.2025 нақты төлем күні 29.05.2025. 57 күн кешіктіру 6 646,62 теңге.
Сәуір акт № 250042/00/3 116 660 теңге төлеу мерзімі 04.05.2025 нақты төлем күні 29.05.2025. 25 кешіктіру күн 2 916.50 теңге.

Осы негізде 0,1% көлемінде тұрақсыздық айыбы есептелді: Жалпы тұрақсыздық айыбы (неустойка): 18 311,12 теңге. Бұл сома шарт сомасының 10%-ынан (501 228 теңгеден) аспайды.

Шарттың орындалмауы – техникалық қызмет көрсету, жөндеу мен қосалқы бөлшектерді ауыстыру жұмыстары жүргізілмеген.

Шарттың міндетті талаптарына қарамастан, 2025 жылы «MuMar» ЖШС тарапынан жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету тәртібі сақталмады, атап айтқанда: ағымдағы жылы жоспарланған жөндеу жұмыстары мен қосалқы бөлшектерді ауыстыру орындалмаған; тиісті техникалық актілер мен есептер ұсынылмаған.

Сондай-ақ жазғы кезеңде температуралық режимнің жоғарлауына байланысты және Кәсіпорының әкімшілк ғимараты персоналының ыңғайлы жұмысы үшін, бұл шарт талаптарының бұзылуына әкеп соғады және көрсетілген қызметтердің толық орындалмағанын дәлелдейді.

Талапкер 2025 жылғы 27 маусымда сотқа аталған талаппен жүгінді.

Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған үшін, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Сот отырысында талапкер өкілі талапты қолдап, соттан оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған жауапкер (немесе оның өкілі) сот отырысына келген жоқ. Осыған байланысты сот жауапкердің сот отырысына келмеуін себепсіз деп танып, істі оның қатысуынсыз қарау қажет деп есептейді.

Сот, ҚР АПК-нің 196-бабының талаптарына қайшы келмегендіктен, жауапкердің қатысуынсыз істі қарауға болады деп шешті.

Прокурор талап арызды қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Бірінші талабы бойынша.

Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі Заң) 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу

Құжатқа қол қойылған: Тәнірберген А. Т., 05.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.12.2025, судья Тәнірберген А. Т., 08.12.2025

3971-25-3-1/3578

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Азаматтық Кодексінің 272, 273, 277-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заңнама талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде тиісінше орындалуға тиіс, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Азаматтық Кодексінің 683 –бабына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Сот шарт орындалмағанын, ағымдағы жылы жоспарланған қызметтері көрсетілмегені анықтады.

30 маусымда 2025 жылы келісім шарт бір жақты бұзылды.

Осылайша, міндеттемені бұзу фактісі орын алған және іс материалдарымен расталады. Өз әрекетерімен жауапкер тапсырыс берушіге залал келтіріп, осылайша оны шарт талаптарына сәйкес қызметтерді алу мүмкіндігінен айтарлықтай дәрежеде айырды.

Келтірілген мән-жайларға байланысты, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талапкердің талаптарын негізді әрі қанағаттандыруға жататын деп есептейді.

Екінші талабы бойынша.

Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

2025 жылғы 21 қаңтардағы мемлекеттік сатып алу туралы шартының 7.3., 7.4 тармақтарында қабылдаған талап міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіріп алу көзделген, талап қоюшының есебіне сәйкес ол 18 311, 12 теңгені құрайды.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді бұзғандықтан сот тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабын негізді және қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабына сәйкес сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот қанағаттандырған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық

Құжатқа қол қойылған: Тәнірберген А. Т., 05.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.12.2025, судья Тәнірберген А. Т., 08.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
ҚР АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «MuMar» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылсын.

«MuMar» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«MuMar» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 18 311,12 (он сегіз мың үш жүз он бір) теңге, (он екі) тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасы, 549,33 (бес жүз қырық тоғыз) теңге, (отыз үш) тиын сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

«MuMar» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне Қостанай облысының мамандандырылған экономикалық соты арқылы Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Төрағалық етуші судья А.Т.Тәнірберген

Құжатқа қол қойылған: Тәнірберген А. Т., 05.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.12.2025, судья Тәнірберген А. Т., 08.12.2025

3971-25-3-1/3578